ҒТАХР 06.71.57 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.2.31-1366**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРОТУРИЗМ: ӨҢІРЛІК ТАРТЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРПЕКТИВАЛАРЫ

[1]Ж.Қ. Ержанова, [1]Е.С. Жангалиева, [1]Ә.Б. Ғабділкәкім, [2]А.Б. Егзалиева, [2]А.Е. Таласпаева
[1]Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал., Қазақстан,
[2]М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал., Қазақстан

Корреспондент-автор: yelnaz@mail.ru

Қазақстан Республикасында ішкі туризмді дамыту үшін агротуризм саласын қалыптастырып, дамыту ауылдық елді мекендердің экономикалық өсуін қолдауға, мәдени мұраны сақтап, аймақтағы экологиялық жағдайды қалыпты сақтауға мүмкіндік береді. Мақалада Қазақстан Республикасындағы агротуризм саласының негізгі мәселелері мен оны шешу жолдары қарастырылған. Сондай-ақ, агротуризм ел экономикасының стратегиялық бағыты ретіндегі туристік саладағы ауылшаруашылығы туризмінің маңызы, оның өңірлік тартымдылығы мен аймақтың өркендеуіне қосар үлесі мен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық мәні қарастырылады.

Агротуризмді дамыту ауылдық жерлерде экономикалық тұрақтылықты қалыптастырып, ауылдық елді мекендердің табысын арттырып, ол елдегі ұлттық мұраны сақтап және экожүйенің тепе-теңдігін ұстап тұрудағы маңызды тетік болып табылады. Зерттеу барысында туристік индустриядағы агротуризмнің алар орны мен аймақтың потенциалын арттыруға қосар үлесі, оның қоғам мен экономикаға тиімді әсері жан-жақты қаралады. Мақалада агротуризмнің жағдайын саралап, сипаттауда оның дамуындағы мемлекеттік ынталандыру шаралары мен кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары да назарға алынды. Агротуризм саласын қалыптастырып, дамытудағы негізгі кедергілер мен факторлар анықталып, қарастырылды. Ауылдарда агротуризмді жасақтау арқылы ондағы еңбек нарығын жетілдіріп, ауыл шаруашылығы мен туризмнің интеграциясын қалыптастырып, ауылдардағы қаржы айналымының жүруін қамтамасыз етуге мол мүмкіндік болады.

Қазақстан Республикасында агротуризмді дамыту бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері: ауыл шаруашылығы мен туристік сала қызметін агротуризм бағытында тиімді ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: агротуризм, ауыл шаруашылығы, туризм, аграрлық сектор, жергілікті өнім, ауыл шаруашылық субъектілері.

АГРОТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНАЯ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

[1]Ж.К. Ержанова, [1]Е.С. Жангалиева, [1]А.Б. Габдилкаким, [2]А.Б. Егзалиева, [2]А.Е. Таласпаева
[1]Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан,
[2]Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Уральск, Казахстан,
e-mail: yelnaz@mail.ru

Формирование и развитие сферы агротуризма для развития внутреннего туризма в Республике Казахстан позволит поддержать экономический рост сельских населенных пунктов, сохранить культурное наследие и сохранить экологическую обстановку в регионе в норме. В статье рассмотрены основные проблемы отрасли агротуризма в Республике Казахстан и пути ее решения. Также рассматривается значение сельскохозяйственного туризма в туристской сфере как стратегического направления экономики страны, его региональная привлекательность и вклад в процветание региона, социально-экономическое значение в обществе.

Развитие агротуризма создает экономическую стабильность в сельской местности, повышает доходы сельских населенных пунктов, что является важным рычагом в сохранении национального наследия и поддержании баланса экосистем в стране. В ходе исследования будут всесторонне

рассмотрены роль агротуризма в туристской индустрии и вклад в повышение потенциала региона, его эффективное влияние на общество и экономику. При дифференциации и описании состояния агротуризма в статье также были приняты во внимание меры государственного стимулирования и программы поддержки предпринимательства в его развитии. Определены и рассмотрены основные барьеры и факторы формирования и развития отрасли агротуризма. Создание агротуризма в селах позволит улучшить рынок труда, сформировать интеграцию сельского хозяйства и туризма, обеспечить ход финансового оборота в селах.

Результаты проведенных исследований по развитию агротуризма в Республике Казахстан могут быть использованы для эффективной организации деятельности сельского хозяйства и туристской отрасли в направлении агротуризма.

Ключевые слова: агротуризм, сельское хозяйство, туризм, аграрный сектор; местные продукты, субьекты селького хозяйства.

AGROTURISM IN KAZAKHSTAN: REGIONAL ATTRACTIVENESS AND DEVELOPMENT PROSPECTS

[1]ZH.K. Yerzhanova, [1]Y.S. Zhangaliyeva✉, [1]A.B. Gabdilkakim, [2]A.B. Yegzalieva, [2]A.E. Talaspaeva

[1]West Kazakhstan Agrarian - Technical University named after Zhangir khan, Uralsk, Kazakhstan,
[2]West Kazakhstan University named after M.Utemisov, Uralsk, Kazakhstan,
e-mail: yelnaz@mail.ru

The formation and development of the field of agrotourism for the development of domestic tourism in the Republic of Kazakhstan will support the economic growth of rural settlements, preserve cultural heritage and preserve the ecological situation in the region in a normal way. The article discusses the main problems of the agrotourism industry in the Republic of Kazakhstan and ways to solve it. The article also examines the importance of agricultural tourism in the tourism sector as a strategic direction of the country' s economy, its regional attractiveness and contribution to the prosperity of the region, and its socio-economic importance in society.

The development of agrotourism creates economic stability in rural areas, increases the incomes of rural settlements, which is an important lever in preserving national heritage and maintaining the balance of ecosystems in the country. The study will comprehensively examine the role of agrotourism in the tourism industry and its contribution to increasing the region' s potential, its effective impact on society and the economy. When differentiating and describing the state of agrotourism, the article also took into account government incentive measures and programs to support entrepreneurship in its development. The main barriers and factors of the formation and development of the agrotourism industry are identified and considered. The creation of agrotourism in rural areas will improve the labor market, form the integration of agriculture and tourism, and ensure the course of financial turnover in rural areas.

The results of the conducted research on the development of agrotourism in the Republic of Kazakhstan can be used to effectively organize the activities of agriculture and the tourism industry in the direction of agrotourism.

Keywords: agritourism, agriculture, tourism, agricultural sector, local products, agricultural enterprises.

Кіріспе. Қазіргі уақытта отандық экономикада агротуризмді қалыптастырып, дамыту мәселесі жиі айтыла бастады. Ел Президенті 2025 жылғы халыққа жолдауында туризм саласындағы кадр тапшылығы мен бәсекеқабілеттіліктің төмендігін көрсетіп, саланы дамыту үшін кешенді және нақты шаралар қабылдау қажеттігін келтіре отырып, бұл бағыттың өзінің жеке бақылауында болатындығын айтты. Сондықтан да тақырып өзекті деп есептеледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстан жағдайында агротуризмді қалыптастырып, оны

қоғамда орнықтырудың мүмкіндіктерін саралап, негіздеу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы отандық және шет елдік дереккөздер арқылы теориялық негізделіп, статистикалық мәліметтерді талдау негізінде агротуризмді құрудың қазіргі жағдайы сараланып, экономикаға толықтай орнығу үшін авторлық тұжырымдама жасалды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша Қазақстандық аймақтардың ерекшеліктері мен агротуризмді құру ықтималдықтары анықталып, Қазақстанда агротуризмді дамыту бойынша шаралар кешені жасалады.

«Агротуризм» түсінігін қарастырып, оның әлеуметтік-экономикалық маңызын түсінуде экономист ғалымдар оның бірнеше нұсқаларын ұсынады. Соның ішінде «ауыл шаруашылық туризмін» туристердің ауылшаруашылық қызметімен танысатын фермадағы демалыс деп білсе, «ауылдық туризм» термині жай ғана ауылдық жерлердегі демалысты білдіреді [1]. Ауылдық жерлерде агротуризмді қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық потенциалы жоғары, ол елдегі жұмыссыздықты азайтып, экологиялық тазалықты қалыптастырып, елді мекендегі жергілікті құндылықтарды қалыпты таза ұстап қауымға жариялауға мүмкіндік береді. Агротуризмді жүргізу тиімділігі жоғары сала болғанмен оның алдында тұрған өзіндік қиыншылығы да бар. Олар бастысы кадр жетіспеушілігі. Қазіргі уақытта адамдар ауылдық жерден гөрі қалада тұруды қалайды. Бұл ауылдық жердегі еңбек жағдайының қиындығымен, қалалықтардың олардың өмір сүру салтының жеңілдігі мен қызмет көрсету мүмкіндігінің молдығы және технологиялардың қолжетімділігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты жыл сайын ауылдық елді мекендегі адамдар санының кемуі және ондағы тұратын адамдардың егде жастағы болуы байқалады. Осылайша ауылдық жердегі күрделі еңбек жағдайы мен иммиграциялық шектеулер агротуризм дамуындағы негізгі мәселелер. Сонымен қатар, маусымдық сипат пен мейманхана бизнесі, қоғамдық тамақтандыру және туризм саласындағы мамандарға сұраныстың болуы бұл мәселені шиеленістіреді [2]. Италиялық зерттеушілер ғылыми еңбектерінде туристік аймақтарда халық тығыздығының артуы мен көлік қозғалысының көбею салдарынан фермерлер мен табиғатқа жағымсыз әсер етуі мүмкін екендігі туралы айтылған [3]. Зерттеуші ғалымдар кей жағдайда агротуризмнің экологияға кері әсері болатынын да көрсетті. Олардың тұжырымы бойынша, туристік ағымның ұлғаюы жердің тапталып тозуына, кейбір жергілікті фаунаның ығыстырылуына және дәстүрлі аграрлық қызметтен алыстап әлсіреуіне алып келеді [4].

Ауыл шаруашылығы тәжірибесінің элементтерін қонақүй бизнесі қызметіне енгізу арқылы жаңа дамуға ие бола алады. Фермерлік шаруашылықтармен әрекеттесу қонақүйлерге экскурсиялар, ерекше гастрономиялық маршруттар және тақырыптық маусымдық фестивальдер мен мерекелерді ұсынуға мүмкіндік береді. Қонақүйлер, аграрлық кәсіпорындар және туристік бюролармен өзара әрекеттесуі қонақтар үшін кешенді және өте тартымды ұсыныстар жасай алады. Мұндай тәсіл туристерді айтарлықтай тартады, өңірлердің ілгерілеуіне ықпал етеді және бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, қонақ үйлер елеулі бәсекелестік артықшылыққа ие болып, ауылдық аймақтар одан әрі өсу үшін жаңа көкжиектерін ашады [5]. Қонақжайлылық туризм саласы қызметкерлерінің дағдыларын жан-жақты меңгеруге жол ашады [6]. Коммуникация, командалық жұмыс, мәселелерді шешу және бейімделу қабілеті сияқты 90-ға жуық құзыреттілікті сала мамандары мен білікті ғалымдардың бірлесуімен жүргізілген кешенді көп сатылы әдістерін қолдану нәтижесінде айқындады. Сондықтан, күрделі сәтте тез шешім қабылдауға және өз-өзіне сенімділігін арттыруға ықпал ететін қызмет көрсету индустриясының шұғыл және өзгермелі ортасы мамандардың стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады. Бұл тәжірибеден алынған біліктіліктер өзге де көптеген секторларда пайдалануға жарамды, себебі олар, менеджмент, маркетинг, сауда және клиенттермен қарым-қатынас бағыттарда өте қажет. Туризм мен қонақжайлылық индустриясы мамандарға тек мансаптық

мүмкіндер ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар оларға өмірде қажетті, әмбебап дағдыларды дамытуға көмектесетін баға жетпес орта болып есептеледі [7].

Материалдар мен әдістер. Бұл ғылыми жұмыста еліміздегі агротуризмнің қазіргі даму жағдайы мен оның қоғамдық ахуалды жақсартудағы әсері қарастырылады. Ғылыми зерттеуді негіздеуде отандық қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, статистикалық жинақтар көрсеткіштері, ғылыми жарияланымдар мен агротуризм саласындағы шет елдік тәжірибелер сарапталып тұжырымдалды. Агротурим бағытындағы жасалған отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми мақалалары мен еңбектері агротуризмнің экономикалық маңызын түсінуге, оның қажеттілігі мен шет елдердегі орнын нақтылауға және отандық жағдайда агротуризмді тиімді ұйымдастыру бағытын нақтылауға негіз болды.

Ақпараттарға экономикалық талдау жасауда Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының, Туризм министрлігінің және басқа да ресми органдардың мәліметтері қаралып, тұжырымдалды. Зерттеу барысында агротуризмнің даму әлеуетін талдауда аналитикалық әдіс, Қазақстандағы агротуризмнің әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып, динамикадағы өзгерісін салыстырмалы әдіс, инвестициялық ағымдар мен қаржылық тұрақтылық деңгейін анықтауда статистикалық талдау әдістері қолданылды. Ауыл халқы мен жергілікті қауымдастықтардың туризмге деген ықпалы мен көзқарастары сияқты әлеуметтік қырлары да назарға алынды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы аймақтар бойынша агротуризм сферасының даму мүмкіндіктерін белгілеп, оның жаппай өріс алуына кедергі келтіретін факторларды анықтап, жетілдіру бойынша тың ұсыныстар жасалды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақстан Республикасы Туризм министрлігі шаруа қожалықтарын жан-жақты қолдаудың бір альтернативті бағыты ретінде онда қосалқы шаруашылықтар түрінде агротуризмді дамытуды ұсынды. Бұл ұсыныс елдегі шығыс пен оңтүстік өлкелерінде 10 мыңнан астам тұрғыны бар ауылдық жерлердегі тұрғындарды жұмыспен қамтып, ауылдық жерлердің экономикалық өсуін қамтамасыз етуге тиіс болды. Осы бағыттағы кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет ынталандыру шараларын жасақтап ұсынды, ол екі жылдық мерзімді қамтыды. Сонымен қатар саланың қарқынды дамуына арналған жаңа шаралар да жасақталып қабылданып, мемлекеттік мақұлданған өтініштер көлемі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда сегіз есе артып, 800 млн теңгеден асты.

Қазақстан Республикасында фермерлерге өз қожалықтар аумағында жер телімінің 10 % аспайтын жерде ғана қонақ үйлер мен глэмпингтер салуға рұқсат етілген еді.

Статистикалық ақпаратқа сүйенсек, Қазақстанда 219 мыңнан астам фермерлік және шаруа қожалығы бар. Егер де олардың тек 1%-ы ғана (шамамен 2,2 мың шаруашылық) қонақүй бизнесін бастап, туристерге қызмет көрсету үшін екі адамнан кем емес жұмысқа қабылдаса, жыл сайын ауылдық жерлерде 6,6 мыңға жуық адам тұрақты жұмысқа орналасады [8].


Қазіргі уақытта ауылдық жерлердегі фермерлер де интернет мүмкіндіктерін пайдалана отырып, отырып өз өнімдерін кең ауқымда жарнамалай алады.

4080 италиялық фермерлік шаруашылықты зерттеу көрсеткендей, қолдануға ыңғайлы әрі өзара әрекеттесу мүмкіндігі бар веб-порталдар жаңа клиенттерді тартуға көмектеседі. Желілік алаңдарды бағалау әдістемесі жетілдірілген сайттардың қызметтерді табысты насихаттай алатынын растады, ал алынған талдау деректері туристік ұсыныстарды әртараптандыру арқылы жергілікті өнімдерге деген сұраныс артатынын көрсетті. Локалды өнімдерді кең ауқымда сатуға ықпал ететін агротуризм қызметі аса маңызды механизмге айналуда [9].

Қазақстанда 2024 жыл туризм индустриясында елеулі жетістіктерге қол жеткізді [10]. Дүниежүзілік экономикалық форумы нәтижесінде ұсынылған Саяхат және туризмді дамыту индексінде еліміз 119 мемлекеттің ішінде 52-орынға көтеріліп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 14

орынға орналасуы еліміздегі туристік әлеуеттің артып келе жатқандығын көрсетеді.2024 жылға көрсеткіштер бойынша Қазақстанға 15,3 млн астам шет ел азаматы келген, оның ішінде 10,4 млн адам халықаралық турист ретінде тіркелген. Шет елден келген туристердің елімізде болуының орташа ұзақтығы 4 күн. Бұлардың барлығы елімізге қосымша қаражат алып келді. Ұлттық банк мәліметтеріне елімізге келген әр турист сәйкес орташа есеппен 1500 АҚШ доллары шамасында қаражат жұмсаған. Жалпы шет елдік туристердің 2024 жылғы шығыны 1,2 трлн теңгеден де асып түсіп, ел экономикасына өзінің мол үлесін қосқан. Соңғы жылдары туризм саласына салынатын инвестиция клемі де артып келеді. Бұл өсімнің нәтижесі еліміздегі туристік қызметтердің деңгейін көтеруге бағытталған туристік инфрақұрылымдарды жетілдіруге бағытталып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының туристік секторы ел экономикасының аса маңызды салаларының бірі ретінде бағаланып, туристік индустрияның ілгерілеуі макроэкономикалық ауқымда жоспарлы түрде қолға алынуда [11]. Орталық Азияның аграрлық секторында Қазақстан елеулі орын алады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен озық технологияларды әзірлеуші ғалымдар, инвесторлар және өзге де бейінді мамандарды біріктіретін ауқымды іс-шараларын жыл сайын өткізіледі [12]. Агроөнеркәсіптік көрмелер - бұл тек тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялардың, ауыл шаруашылық тауарлары мен инновациялардың көрмесі ретінде қызмет істейтін орталықтар [12]. Өз кезегінде, инвесторлар аграрлық кәсіпорындар мен жобалардың инвестициялық тартымдылығын бағалауға, өзара тиімді байланыстар орнатуға және оңтайлы келісімшарттар жасасуға мүмкіндік алады [13].



1 - сурет. Аймақтар бойынша агротуризм сферасының даму мүмкіндіктері

Ескерту: авторлар (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері) дереккөз негізінде құрастырған

Диаграма мәліметтері бойынша 5 баллдық жүйемен бағалау арқылы Қазақстан аумақтарындағы агротуризм сферасының даму мүмкіндіктері қарастырылады. Саланың сарапшылары мен даму көрсеткіштері негізінде агротуризм сферасының түрлерін қалыптастыру жағдайлары анықталды. Бүгінгі күні агротуризмді қалыптастырып, дамытуға ең қолайлы аймақтар ретінде Алматы, Шығыс Қазақстан мен Ақмола облыстары анықталды. Себебі бұл облыстардағы бай табиғат пен жоғары құрылымдағы инфрақұрылым туристердің қызығушылы-

ғын туғызуда [14].


Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарында балық аулау мен аңшылықты тамашалауға зор мүмкіндік болса, Түркістан мен Маңғыстау этномәдени тұрғыда насихаттауға таптырмас мүмкіндік. Қазақстанның қай өңірі де өзінің тарихи естеліктерімен туристерге үлкен әсер қалдыра алады.Туризм саласы Орталық және Солтүстік аймақтарда енді қалыптасып келеді. Осыған байланысты бұл жерлерде агротуризмді жақсартуға арналған шаралады тағы бір жүйелеп, тиімді инфрақұрылымды қолға алу шараларын жасақтау қажет. Бұл бағыттың нәтижелі болуына мемлекеттік қолдау мен ынталадыру шаралары тиімді әсер етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,25 трлн теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 33%-ға артты. Өңірлер арасында туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестицияның ең жоғары өсімі Ақтөбе облысында тіркелді. Бұл өңірде көрсеткіш 526%-ға ұлғайып, 60,8 млрд теңгеден асты. Сонымен қатар Абай, Атырау және Ұлытау облыстарында да айтарлықтай оң серпін байқалды.

Республикалық маңызы бар қалалар арасында инвестиция өсімінің жоғары көрсеткіші Алматы (79%) және Астана (61%) қалаларына тиесілі.

Жалпы алғанда, бұл деректер бизнестің туризм инфрақұрылымын дамытуға деген қызығушылығының сақталып отырғанын және саланың әлеуеті нығайып келе жатқанын көрсетеді. Негізгі бағыттар бойынша инвестиция көлемінің артуы Қазақстанда туризмді одан әрі тұрақты дамытуға берік негіз қалайды [15].

Қазақстан Республикасындағы туризм бағытындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін 2 суреттен көреміз.



2 - сурет. Туризм бағытындағы негізгі капиталға салынған инвестиция, млрд теңге

2 сурет бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің есепті 2025 жылы базисті жылға қарағанда 2,4 есе өскендігін көреміз. Инвестиция тарту бойынша алғашқы лекте Алматыға 82,4 млрд теңге, 20,8 % немесе 55 млрд теңге Астанаға және Щучинск-Бурабай курорттық аймағы орналасқан Ақмола облысына 26,3 млрд теңге бөлінген.

Мемлекеттік деңгейде туристік саланы дамыту қажеттілігі айтылғанмен бұл саладағы кадр мәселесі тапшылығы мен туристік инфрақұрылымның әлсіздігі, осы саладағы инвестициялық жобалар туралы ашық дереккөздер шектеулілігі салаға толық талдау жасауда қиындықтар келтіреді [16].

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Құжат туристік саланы дамытуға қолайлы жағдай жасауға және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа заң аясында туризм заңнамасындағы негізгі ұғымдар нақтыланды. Заңда визит-орталықтардың қызметі алғаш рет

құқықтық тұрғыдан реттелді. Құжатта туристік инфрақұрылымды мемлекеттік қолдау шаралары да нақтыланды. Атап айтқанда, кәсіпкерлердің визит-орталықтар, жол бойындағы сервис нысандары, орналастыру орындарын салу және қайта жаңғыртуға жұмсаған шығындарының бір бөлігі өтеледі. Туроператорларды қолдаудың қосымша тетіктері де енгізілді. Олардың шығындарын субсидиялау қарастырылып, туристік автобустардың мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінен өту рәсімін жеделдету көзделген. Сондай-ақ балалар үшін ұлттық парктерге кіру тегін болады.

Заңда мемлекеттік қолдау алған туризм нысандарының қаражатын мақсатты пайдалануын бес жыл бойы мониторингтеу нормасы енгізілді. Бұдан бөлек, туристік ресурстар аумағындағы санитарлық-гигиеналық тораптардың жағдайына бақылау күшейтіледі [17].

Стратегиялық бағдарлама негізінде агротуризмді тұрақтандырудың мүмкіндіктері 2 суретте келтірілген. Бұл бағдарламаның мақсаты ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді қолдану. Мұнда ауылдық жердегі тұрғындарды жұмыспен қамтып, жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл болжам бойынша жылына 2,2 мыңға жуық қосымша жұмыс орны ашылады деп күтілуде, мұның өзі шаруа қожалықтарының тек 1 % құрайды.



3 - сурет. Қазақстанда агротуризмді дамыту бойынша шаралар кешені

Ескертпе: Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы дереккөз негізінде құрастырылған

2023-2027 жылдар аралығына арналған Қазақстанның ауылдық өңірлеріне тың серпін беру және ондағы тұрғындардың өмір сапасын арттыру үшін үкімет стратегиялық жоспарды бекітті. «Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы» жобасы агротуризмді, этно-мәдени туризмді және экологиялық туризмді дамытуға баса назар аударады [18].2027 жылға қарай Қазақстанда 5,9 мың ауылдық елді мекендерде ауыл халқы 7,7 млн адамға жетеді деп күтілуде [19].

Елімізде шет елдік туристермен қатар өз халқымыздың да туризмге деген сұранысы күннен күнге артып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстандықтар шет елден гөрі отандық туристік базаларға назар аударуда. Бұл елдегі туристік жаңа маршруттар ашып, экологиялық мәселелерді шешуді қажет етеді. Осы тұрғыда табиғи көрікті жерлерде орналасқан ауылдық жерлерге олардың тарихи, мәдени құндылықтарын нақтылап, болашақта туристік орталық жасау мүмкіндіктерін қарастру қажет. Олардың географиялық орналасуы мен табиғи ландшафты туристерді тартудың басты шарты. Сондықтан туристерге тартымды болу үшін толыққанды қызмет көрсету, соның ішінде қонақтарды қабылдау мен орналастыру, дұрыс тамақтандыру және

демалысын тиімді ұйымдастру үшін жергілікті халықтың әлеуетін сауатты ұйымдастыру керек. Ауылдық аймақтардың әлеуетін тиімді пайдалану нәтижесінде елдегі туристік қызметті тиімді жолға қою мүмкіндіктері жоғары.

Қарастырылып отырған мәселелер бүгінгі күні агротуризмді қалыптастыру жалпы ауылдық жерлердің де, шаруа қожалықтардың дамуына тың серпін беретін мүмкіндік екенін көрсетті. Ол елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік жасай отырып, жаңа инфрақұрылымды қалыптастыру арқылы әлеуметтік дамуға, қаржылай қолдау алуға жол ашатын жаңа мүмкіндіктер. Отандық әр аймақ пен шет елден келген туристер арқылы байланысты қалыптастырып, ақпарат алмасу арқылы елдің де әлеуметтік, мәдени өсуін қалыптастырады.

Агротуризм отандық экономикада жаңадан қалыптасып келе жатқан сала болуына байланысты осы саладағы мемлекеттік қолдаулар: туроператорлар шығындары мен балалар авиабилеттерінің құнын субсидиялау, санитарлық-гигиеналық орындарға субсидия, автотранспорт құралдарының құнының, инфрақұрылым құнының белгілі бір бөлігін субсидиялау туристердің санының артуына, туристік өнімдер ассортиментін арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Бұл ғылыми зерттеу жұмысында Қазақстанда агротуризмді қалыптастырып, жандандырудың мүмкіндіктері қарастырылып, талданды. Ауылдық аймақтарды дамытудағы бүгінгі күні ұсынылып отырған жаңа жол ретінде шаруа қожалықтары жанынан қосалқы шаруашылық ретінде агротуризмді жүргізу ұсынылуда. Бұл агротуризм, экотуризм, этнотуризм бағыттары елдегі жергілікті халықтың әлеуетін іске асыруға, экономикалық белсенділікті көтеріп, жаңа жұмыс орындарын жасақтауға негіз болады.

Агротуризм болашағы зор сала ретінде еліміздің, соның ішінде ауылдық аймақтар дамуына көп үлес қосары сөзсіз. Ол жылдар бойы қалыптасқан ұлттық мұраны сақтап,туристердің ауыл тұрғындарының тыныс-тіршілігімен танысуына жағдай жасау арқылы ауылдық тұрғындардың да өзінің өмір сүру деңгейін арттыруға қолдау жасайды.

Қазақстанда экономиалық тұрақтылықты қалыптастырудың альтеринативті жолдарының бірі ретінде жалпы туризмді қалыптастырудың стратегиялық құжат қабылданды. Қазіргі уақытта туризмнің бір саласы ретінде агротуризмді жүргізу арқылы жылына 2,2 мың жаңа жұмыс орны ашылуының өзі сапалық көрсеткіш болып саналады. Осы бағытта туризмді насихаттауда «Kazakh Tourizm» ұлттық компаниясы мен Қазақстанның агро және ауыл туризмі қауымдастығы зерттеулер жүргізіп, негізгі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдар дайындап жариялауда. Сонымен қатар мемлекет деңгейінде осы салаға тұрғындардың қатысуын ынталандыру мақсатында субсидиялар мен оқыту бағдарламалары және жеңілдетілген шарттармен инфрақұрылымға инвестициялар ұсынылуда.

Жалпы туризм саласында ұлттық парктер аумағында жоспарланған арнайы тұрақтар мен ақпараттық орталықтар мен бақылау алаңдары салынып, арнайы туристік маршруттар жасалуда. Әр аймақтарда өзінің ерекшеліктері мен өндірістік бағытына сай агротуризмді нсихаттауда түрлі көрмелер мен фестивальдер өткізілуде. Бұл шаралар агробизнес пен туризм арасындағы байланысты нығайтып, туристік сектордың жанжақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы стратегиялық туризмді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында агротуризм басым бағыттардың бірі ретінде белгіленген. Агротуризмнің бұл ауылдық елді мекендердің экономикалық өсімін қалыптастырушы құрал ретінде қарастырылуы себепті мемлекеттік қолдау мен инвестиция тарту аса маңызды. Жергілікті халықтың қатысу белсенділігін арттыру, мемлекеттік қолдау көрсету мен туристік өнімдерді тиімді жоспарлау нәтижесінде бұл салда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бұл шаралар Қазақстанның туризм саласын жаңа деңгейге көтеріп, елдің әлемдік туристік нарықтағы ықпалын арттыруға негіз болады.

Әдебиеттер

1. Сарафанова А.Г., Шабалина Н.В., Сарафанов А.А.Сельский и агротуризм: подходы к определению.//CYBERLENINKA.-2020.-Т.14.-№1.-С.100-108. DOI 10.24411/1995-0411- 2020-10110.

2.Salzwedel M. Labor Shortage Poses Safety Challenges for Growing Agritourism Industry//Journal of Agromedicine.- 2023. -Vol.28(1):53-56. DOI 10.1080/1059924X.2022.2148035.

3. Paniccia P., Baiocco S. Interpreting sustainable agritourism through co-evolution of social organizations. // Sustainable Tourism. -2020.-Vol.29(1). -PP.81-105. DOI 10.1080/09669582.2020.1817046.

4. Ndhlovu E., Dube K. Agritourism and sustainability: A global bibliometric analysis of the state research and dominant issues. //of Outdoor Recreation and Tourism.-2024.-Vol.46:100746. DOI 10.1016/j.jort.2024.100746.

5. Mai-Rong Wang, Chun-Liang Chen. Value co-creation of hotel business from the perspective of service ecosystem: connecting the services and experiences of agriculture//International Journal of Agriculture Innovation, Technology and Globalisation.-2024.-Vol.3(4). -P.332-353. DOI 10.1504/IJAITG.2023.138108.

6. Md Azmain Muhtasim Mir, Becky Shelley, Can-Seng Ooi Uses of tourism resources for educational and community development: A systematic literature review and lessons//Tourism Management Perspectives.-2024.-Vol.53:101278. DOI 10.1016/j.tmp.2024.101278.

7. Stangl B., Li.Y.(Kevin), Ma E., Xu S. (Tracy), Alsaied M.. Transferable skills in tourism and hospitality//Annals of Tourism Research.-2024.-Vol.109:103854. DOI 10.1016/j.annals.2024.103854.

8. Аграрный туризм намерены развивать в Казахстане. -2024. - URL: https://eldala.kz/novosti/kazahstan/18517-agrarnyy-turizm-namereny-razvivat-v-kazahstane. - Қаралған күні: 12.12.2025.

9. Fanelli R.M. Agritourism Farms: A Great Way to Promote Local Products//Tourism Analysis. -2022.-Vol.27(3). DOI 10.3727/108354222X16449628077748.

10. Қазақстандағы туризм саласы:динамика, инвестиция және Neo Nomad Visa//сайт МТи-СРК.URL:https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/949124?lang=kk&ysclid=m7w1kjsso8707775885.- Қаралған күні: 05.12.2025.

11. Tlesova A., Primbetova S., Sultanova M., Yessengalieva S., Yerzhanova Zh. Innovative Activities in the Field of Hotel Business and Tourism//Journal of Enviromental Management and Tourizm. -2020.-Vol.11(8). -P.1973-1987.DOI10.14505/jemt. v11.8(48).10.

12. Международная выставка охоты, рыбалки и активного отдыха и спорта KIOF (KazakhstanInternational Outdoor Fair)**.**-URL:https://exposale.net/ru/exhibition/kiof.- Қаралған күн: 10.04.2026.

13. GrowExpoAstana 2025 Международная выставка оборудования и технологий для выращивания растений.-URL:https://exposale.net/ru/exhibition/grow-expo-astana.-Қаралған күні: 09.04.2026.

14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері.-URL:https://cabinet.stat.gov.kz/kk.- Қаралған күні: 26.04.2026.

15. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті Туризм инвестиция өсімін күшейтуде: 2025 жылғы қаражат көлемі 1,25 трлн теңгеден асты 13 ақпан 2026 жыл . -URL: https://www.gov.kz .- Қаралған күні: 19.03.2026.

16. Триллион на гостеприимство: объём инвестиций в туризм вырос на треть.-URL: https://dknews.kz/ru/ekonomika/383586-trillion-na-gostepriimstvo-obem-investiciy-v-turizm. - Қаралған күні:19.03.2026.

17. Қазақстан туризмді қолдауды күшейтеді: жаңа заң сала мен туристер үшін нені өзгертеді // Ақмола облысының туризм басқармасы саиты. -URL: https://www.gov .- Қаралған күні: 20.03.2026.

18. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы.-URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262.-Қаралған күні:15.03.2025.

19. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы.- URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270.-Қаралған күні: 16.03.2025.

References

1. Sarafanova A.G., Shabalina N.V., Sarafanov A.A. Sel’ skij i agroturizm: podhody k opredeleniju.//CYBERLENINKA.-2020.-T.14.-№1.-S.100-108. DOI 10.24411/1995-0411- 2020-10110. [In Russian].

2. Salzwedel M. Labor Shortage Poses Safety Challenges for Growing Agritourism Industry//Journal of Agromedicine.-2023.-Vol.28(1):53-56.DOI 10.1080/1059924X.2022.2148035.

3. Paniccia P., Baiocco S. Interpreting sustainable agritourism through co-evolution of social organizations. // Sustainable Tourism. -2020.-Vol.29(1). -PP.81-105. DOI 10.1080/09669582.2020.1817046.

4. Ndhlovu E., Dube K. Agritourism and sustainability: A global bibliometric analysis of the state research and dominant issues. //of Outdoor Recreation and Tourism.-2024.-Vol.46:100746. DOI 10.1016/j.jort.2024.100746.

5. Mai-Rong Wang, Chun-Liang Chen. Value co-creation of hotel business from the perspective of service ecosystem: connecting the services and experiences of agriculture//International Journal of Agriculture Innovation, Technology and Globalisation.-2024.-Vol.3(4). -P.332-353. DOI 10.1504/IJAITG.2023.138108.

6. Md Azmain Muhtasim Mir, Becky Shelley, Can-Seng Ooi Uses of tourism resources for educational and community development: A systematic literature review and lessons//Tourism Management Perspectives.-2024.-Vol.53:101278. DOI 10.1016/j.tmp.2024.101278.

7. Stangl B., Li.Y.(Kevin), Ma E., Xu S. (Tracy), Alsaied M.. Transferable skills in tourism and hospitality//Annals of Tourism Research.-2024.-Vol.109:103854. DOI 10.1016/j.annals.2024.103854.

8. Agrarnyj turizm namereny razvivat’ v Kazahstane. -2024. - URL: https://eldala.kz/novosti/kazahstan/18517-agrarnyy-turizm-namereny-razvivat-v-kazahstane. - Қаралған күні: 12.12.2025. [in Russian]

9. Fanelli R.M. Agritourism Farms: A Great Way to Promote Local Products//Tourism Analysis. -2022.-Vol.27(3). DOI 10.3727/108354222X16449628077748.

10. Қазақстандағу turizm salasy: dinamika, investicija zhəne Neo Nomad Visa//sajt MTiSRK.URL:https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/949124?lang=kk&ysclid=m7w1kjsso8707775885.- Қаралған күні: 05.12.2025. [in Kazakh]

11. Tlesova A., Primbetova S., Sultanova M., Yessengalieva S., Yerzhanova Zh. Innovative Activities

in the Field of Hotel Business and Tourism//Journal of Enviromental Management and Tourizm. -2020.-Vol.11(8). -P.1973-1987.DOI 10.14505/jemt. v11.8(48).10.

12. Mezhdunarodnaja vystavka ohoty, rybalki i aktivnogo otdyha i sporta KIOF (KazakhstanInternational Outdoor Fair).-URL:https://exposale.net/ru/exhibition/kiof.- Қаралған күні: 10.04.2026. [in Russian]

14. Қазақстан Respublikasy Strategijalyқ zhosparlau zhәne reformalar agenttigi Ұlttyқ statistika bjurosynyң mәlimetteri.-URL:https://cabinet.stat.gov.kz/kk.- Қаралған күн: 26.04.2026. [in Kazakh].

15. Қазақстан Respublikasy Turizm zhәne sport ministrligi Turizm industrijasy komiteti Turizm investicija өsimin kүshejtude: 2025 zhylғy қarazhat kөlemi 1,25 trln teңgeden asty 13 aқpan 2026 zhyl. -URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/press/news/details/1161208? lang=ru.- Қаралған күні: 19.03.2026. [in Russian]

16. Trillion na gostepriimstvo: ob#jom investicij v turizm vyros na tret'.-URL: https://dknews.kz/ru/ekonomika/383586-trillion-na-gostepriimstvo-obem-investiciy-v-turizm. - Қаралған күні:19.03.2026.19.03.2026. [in Russian]

17. Қазақстан turizmdi қoldaudy kүshejtedi: zhaңa zaң sala men turister үshin neni өzgertedi // Aқmola oblysynyң turizm basқarmasy saity. -URL: https://www.gov. https://www.gov.

kz/memleket/entities/aqmola-tourism/press/news/details/1183182? lang=kk - Қаралған күні: 20.03.2026. [in Kazakh]

18. Қазақстан Respublikasynyң turistik salasyn damytudyң 2023 – 2029 zhyldarға arnalған tұzhyrymdamasyn bekitu turaly Қазақстан Respublikasy Ykimetinің 2023 zhylғy 28 nauryzdaғy № 262 қaulysy.-URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262.-Қаралған күні:15.03.2025. [in Kazakh]

19. Қазақстан Respublikasynyң auyldyқ aumaқtaryn damytudyң 2023 – 2027 zhyldarға arnalған tұzhyrymdamasyn bekitu turalyҚазақстан Respublikasy Ykimetinің 2023 zhylғy 28 nauryzdaғy № 270 қaulysy.- URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270.-Қаралған күні: 16.03.2025. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет

Ержанова Ж.К. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан, e-mail: erzhanova.zh@wkau.kz;

Жангалиева Е.С.- экономикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,Орал, Қазақстан, e-mail: yelnaz@mail.ru;

Ғабділкәкім Ә. Б. - ізденуші, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан, e-mail: gabdilkakima@gmail.com;

Егзалиева АБ.- экономикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, e-mail: . egzalieva24@mail.ru;

Таласпаева А.Е.- экономикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, e-mail: talaspaevaa1981@gmail.com.

Information about the authors

Yerzhanova Zh.- Candidate of Economic Sciences, associate professor, Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian - Technical University, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: erzhanova.zh@wkau.kz;

Zhangaliyeva Ye.- Master of Economic Sciences, Senior Lecturer, Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian - Technical University, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: yelnaz@mail.ru;

Gabdilkakim A.- applicant, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: gabdilkakima@gmail.com;

Yegzalieva A.B.- Master of Economic Sciences, Senior Lecturer, M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: egzalieva24@mail.ru$

Talaspaeva A.E.- Master of Economic Sciences, Senior Lecturer, M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: talaspaevaa1981@gmail.com.